

**"Ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда микрокредит беру және лизинг қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 16 маусымдағы № 53 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы"**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2026 жылғы 22 сәуірдегі № 29 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 24 сәуірде № 38538 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда микрокредит беру және лизинг қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 16 маусымдағы № 53 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36280 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда микрокредит беру және лизинг қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Өңірлік даму департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оны алғаш ресми жарияланған күнінен кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін осы Қағидалардың 2-тармағының 3), 4), 6), 13) тармақшаларын, 3-тармақтың жетінші абзацын, 5-тармағының бірінші, екінші, үшінші, бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші абзацтарын, 6-тармағының үшінші және төртінші абзацтарын, 7-тармағының үшінші абзацын, 20-тармағын және 22-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары –  
Ұлттық экономика министрі*

*С. Жумангарин*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі  
**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау  
және реформалар агенттігінің  
Ұлттық статистика бюросы  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары – Ұлттық  
экономика министрі  
2026 жылғы 22 сәуірдегі  
№ 29 бұйрығына қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары – Ұлттық  
экономика министрінің  
2025 жылғы 16 маусымдағы  
№ 53 бұйрығымен бекітілген

## **Ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда микрокредит беру және лизинг қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда микрокредит беру және лизинг қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 15-тармағы 132-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда микрокредит беру және лизинг тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу – ауыл шаруашылығы шикізатын азық-түлік және азық-түлік емес өнімдер алу мақсатында өңдеумен, қайта өңдеумен және сақтаумен байланысты қызмет;

2) ауыл шаруашылығы техникасы – жекелеген операцияларды немесе процестерді механикаландыру, электрлендіру және автоматтандыру арқылы ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін арттыруға арналған техникалық құралдардың кең ауқымы;

3) базалық талаптар – жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шаралары мен оларды алушыларға мониторинг жүргізу қағидалары шеңберінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын талаптар;

4) бірінші деңгейдегі жүйе – жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын алушылар өтінімдерінің эталондық электрондық тізілімін қамтитын, мемлекеттік қолдау шараларының цифрлық жүйесімен интеграцияланған тіркеу жүйесі, онда түпкілікті форматтан кейінгі логикалық бақылау арқылы жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын алушының базалық талаптарға сәйкестігі айқындалады;

5) жақын туыстар – ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер, ата, әже, немерелер;

6) жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуге арналған цифрлық жүйе (бұдан әрі – МҚШ цифрлық жүйесі) – жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын алушылардан өтінімдерді қабылдау, оларды форматтық-логикалық бақылауды қолдана отырып өңдеу және өңделген өтінімдерді бірінші деңгейдегі жүйеге беру жүзеге асырылатын екінші деңгейдегі мемлекеттік немесе мемлекеттік емес жүйе;

7) жұмыссыз – жұмыс іздеуді жүзеге асыратын және жұмысқа кірісуге дайын жеке тұлға;

8) лизинг – лизинг алушының жабдықты, көлікті немесе жылжымайтын мүлікті қаржылық лизинг шарты бойынша кейіннен сатып алу құқығымен ұзақ мерзімді жалға алуы нысанындағы қаржыландыру түрі;

9) өңірлік даму саласындағы уәкілетті орган – өңірлік даму саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган;

10) сенім білдірілген өкіл (агент) – тапсырма шартының негізінде кредитордың (сенімгердің) немесе бюджеттік бағдарлама әкімшісінің атынан және есебінен және оның нұсқауларына сәйкес бюджеттік кредит беруге байланысты белгілі бір тапсырмаларды жасайтын адам. Сенім білдірілген өкілді (агентті) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жергілікті атқарушы орган айқындайды ;

11) скрининг – ауылдық елді мекендер бойынша ақпарат жинау әдісі, оның қорытындысы бойынша әлеуметтік-экономикалық өсу мүмкіндіктері айқындалады;

12) тауарлық масса – микрокредит алушылар өндіретін тауарлардың бір түрінің бір елді мекен және/немесе бір ауылдық округ шегінде шоғырланған жалпы көлемі, ол жергілікті қайта өңдеу қуаттарының қажеттілігін жабуға немесе өткізу нарығына тиімді жеткізу үшін қажетті көлемді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;

13) тіркеуші – бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын, жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шаралары мен оларды алушыларды мониторингтеуді техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға;

14) үміткер – жеңілдетілген талаптармен микрокредит алу үшін белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келетін жеке немесе заңды тұлға.

## **2-тарау. Ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда микрокредит беру және лизинг тәртібі**

### **1-параграф. Ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда микрокредит беру және лизингтің басым бағыттарын айқындау**

3. Ауыл шаруашылығының жобалары емес жобаларды қоспағанда, ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда микрокредит беру және лизингтің басым бағыттары скрининг негізінде айқындалады.

Ауыл шаруашылығы, тұтыну кооперативтеріне (бұдан әрі – Кооператив) және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге басым қолдау көрсетіледі.

Скрининг бойынша ақпарат әрбір ауылдық елді мекен бөлінісінде шаруашылық бойынша есепке алудың, мүдделі жергілікті атқарушы органдардың деректері негізінде қалыптастырылады.

Ауылдық округтің әкімдігі скрининг негізінде әрбір ауылдық елді мекен бөлінісінде микрокредит берудің және лизингтің басым бағыттарын айқындай отырып, талдамалық ақпарат дайындайды және ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қолтаңбасымен есепті қаржы жылынан кейінгі жылғы 15 қаңтарға дейінгі мерзімде аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігіне береді.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары алынған ақпаратты зерделейді және талдайды, ауыл шаруашылығы саласындағы жергілікті уәкілетті органмен келіседі, жалпыланған талдамалық ақпаратты дайындайды және оны аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қолтаңбасымен есепті қаржы жылынан кейінгі жылғы 30 қаңтарға дейінгі мерзімде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган скрининг нәтижелері бойынша айқындалған басым бағыттарға елді мекендердің сәйкестігіне қорытынды талдамалық ақпаратты зерделейді және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес микрокредит беру мен лизингтің басым бағыттары туралы жиынтық ақпаратты қалыптастырады.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган микрокредит беру мен лизингтің басым бағыттары туралы жиынтық ақпаратты ауданның жергілікті атқарушы органдарына және сенім білдірілген агентке микрокредит беру және лизингке өтінімдерді қарау кезінде пайдалану үшін жергілікті атқарушы органның интернет-ресурстарында және МҚШ цифрлық жүйсінде орналастыруға есепті қаржы жылынан кейінгі жылғы 15 ақпанға дейінгі мерзімде жібереді.

### **2-параграф. Ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда микрокредит беру және лизингті қаржыландыру**

4. Ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда микрокредит беруді қаржыландыру мынадай:

1) микрокредит беру;

2) техника мен жабдықтар лизингі түрінде жүзеге асырылады.

5. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын ұсынуға өтінім беру МҚШ цифрлық жүйесі арқылы электрондық түрде жүзеге асырылады.

Микрокредит/лизинг алу үшін үміткерлер осы Қағидаларға 2, 3 және 4-қосымшаларда көзделген тізбеге сәйкес тиісті жолдарды толтыру және электрондық құжаттарды жүктеу арқылы МҚШ цифрлық жүйесіндегі жеке кабинетінен электрондық өтінім беру арқылы сенім білдірілген өкілге (агентке) жүгінеді.

Микрокредит/лизинг алуға арналған электрондық өтінім МҚШ цифрлық жүйесінде оған үміткердің электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қоюы арқылы тіркеледі және МҚШ цифрлық жүйесінде сенім білдірілген өкілге (агентке) қарау үшін қолжетімді болады.

Кепіл бойынша қамтамасыз ету осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес кепілмен қамтамасыз етуге қойылатын талаптардың тізбесі бойынша айқындалады.

МҚШ цифрлық жүйесі жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шарасын алушының базалық талаптарға сәйкестігін тексеру туралы бірінші деңгейдегі жүйеге сұрау салуды жібереді.

Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шарасын алушының өтінімі МҚШ цифрлық жүйесінде одан әрі өңделуге және жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шарасын алушының базалық талаптарға сәйкестігі туралы бірінші деңгейдегі жүйенің хабарламасын алған кезде одан әрі қаралуға жатады.

Өтінімде көрсетілген мәліметтер және өтінімді өңдеу мәртебесі МҚШ цифрлық жүйесімен бірінші деңгейдегі жүйеге берілуге жатады.

МҚШ цифрлық жүйесі жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шарасын алушыдан заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ тіркеушінің дербес деректерді жинауына, өңдеуіне, сақтауына, түсіруіне және пайдалануына келісімін алуды қамтамасыз етеді.

6. Сенім білдірілген өкілдің (агенттің) микрокредит/лизинг алуға үміткер ұсынған құжаттардың мазмұны мен мәліметтерін тексеру мерзімі құжаттар тіркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнін құрайды.

Құжаттар мен оларда қамтылған мәліметтер микрокредит/лизинг шарттарына сәйкес келмеген жағдайда, сенім білдірілген өкіл (агент) құжаттарды қараудан бас тартудың нақты себептерін көрсете отырып, үміткерге уәжді бас тартуды жібереді.

Сондай-ақ, бірінші деңгейдегі жүйенің жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шарасын алушының базалық талаптарға сәйкес келмеуін анықтауы бас тарту үшін негіз болып табылады.

Құжаттарды қараудан уәжді бас тарту МҚШ цифрлық жүйесі арқылы үміткердің жеке кабинетіне электрондық құжат нысанында жіберіледі.

7. Құжаттар мен оларда қамтылған мәліметтер микрокредит беру шарттарына сәйкес келген жағдайда, сенім білдірілген өкіл (агент) үміткердің құжаттары тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған жобаға бағалау жүргізеді және микрокредит беруді мақұлдау не бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Құжаттар мен оларда қамтылған мәліметтер лизинг шарттарына сәйкес келген жағдайда сенім білдірілген өкіл (агент) үміткердің құжаттары тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде лизинг беруді мақұлдау не лизинг беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Микрокредит/лизинг беруді мақұлдау туралы не одан бас тарту туралы шешім МҚШ цифрлық жүйесі арқылы жіберіледі.

Микрокредит беру мақұлданған жағдайда, сенім білдірілген өкіл (агент) кепіл шарты уәкілетті органда тіркелгеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде үміткердің ағымдағы шотына микрокредит сомасын аударды.

Лизинг беру мақұлданған жағдайда сенім білдірілген өкіл (агент) 5 (бес) жұмыс күні ішінде лизинг шартының талаптарымен ауыл шаруашылығы техникасын және жабдығын үміткерге (лизинг алушыға) беру үшін сатушыдан жеке меншікке сатып алады.

8. Ауылдық елді мекендерде және шағын қалаларда микрокредит беру шеңберінде микрокредит алуға үміткерлер:

1) мынадай санаттардың біріне жататын жеке тұлғалар – Қазақстан Республикасының азаматтары:

жұмыссыздар;

дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеусіз кіріс алу мақсатында тауарларды өндіру (өткізу), жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету жөніндегі қызметті өз бетінше жүзеге асыратын адамдар және (немесе) жұмыс істемей тұрған дара кәсіпкерлер;

отбасылық кәсіпкерлікте ақы төленбейтін қызметті жүзеге асыратын адамдар;

жеке қосалқы шаруашылықта сату (айырбастау) үшін өнім өндіру бойынша қызметті өз бетінше жүзеге асыратын, кірісі ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен адамдар;

қызметін Қазақстан Республикасының "Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы" және "Өндірістік кооператив туралы" Заңдарына сәйкес жүзеге асыратын кооперативтердің мүшелері;

2) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын дара кәсіпкерлер;

3) заңды тұлғалар – "Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы" және "Өндірістік кооператив туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызметін жүзеге асыратын кооперативтер болып табылады.

Осы Қағидалар шеңберінде лизинг алуға үміткерлер кооперативтер, сондай-ақ кооперативтердің мүшелері болып табылады.

Қаржыландыру мақұлданған жағдайда дара кәсіпкер мәртебесі жоқ үміткерлер дара кәсіпкер ретінде тіркелуі қажет.

Осы Қағидалар шеңберінде ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі жобаларды іске асыру үшін микрокредиттер алуға үміткерлер дара кәсіпкерлер мен Кооперативтер болып табылады.

Жеке тұлғалар үшін жобаны іске асыру жоспарланып отырған ауылдық елді мекенде немесе шағын қалада тұрғылықты жері бойынша кемінде 12 (он екі) ай (микрокредит алуға өтінім беру күніне) тұрақты тіркеудің болуы талап етіледі.

Жұмыс істеп тұрған, жаңадан құрылатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін жобаны іске асыру жоспарланып отырған ауылдық елді мекенде және шағын қалаларда дара кәсіпкер/заңды тұлға орналасқан жерде дара кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы мемлекеттік тіркеудің немесе хабарламаның болуы талап етіледі.

Кооперативтер басым бағыттарды қоса алғанда, жарғыда көрсетілген қызметтің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асырады және аумақтық және логистикалық жақындық, тауар массасының болуы және кооператив мүшелері арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін талаптардың қамтамасыз етілуі жағдайында бір ауылдық елді мекеннің аумағында немесе бірнеше шектес ауылдық округтердің шегінде қалыптастырылады.

Ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алу жөніндегі жобаларға қаржыландыру жоспарына сәйкес әрбір облыс үшін көзделген қаржыландырудың жалпы сомасынан 40 (қырық) пайыздан аспайтын мөлшерде және қайта өңдеу саласында 20 (жиырма) пайыздан кем емес мөлшерде микрокредит беруге жол беріледі.

Ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алуға қаражат мал басына және өңірдің климаттық жағдайларына сәйкес келетін жеткілікті жайылымдық алқаптардың болуын, су ресурстарымен қамтамасыз етілуін, ветеринариялық, зоотехникалық көрсетілетін қызметтердің және жемшөп базасының қолжетімділігін ескере отырып жіберіледі.

9. Микрокредиттер осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген үміткерлерге мерзімділік, ақылылық, қайтарымдылық, қамтамасыз етілу, нысаналы пайдалану қағидастарын сақтай отырып мынадай талаптармен беріледі:

1) микрокредит мерзімі – ауыл шаруашылығына жатпайтын бизнес түрлері үшін 5 (бес) жылға дейін, ауыл шаруашылығы және өнімді қайта өңдеу саласындағы жобалар үшін микрокредит мерзімі – 7 (жеті) жылға дейін;

2) микрокредиттің ең жоғары сомасы:

2 500 (екі мың бес жүз) айлық есептік көрсеткішке дейін, оның ішінде кооператив мүшелері кооператив қызметі шеңберінде іске асыратын жобалар үшін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу жөніндегі жобалар үшін – 8 000 (сегіз мың) айлық есептік көрсеткішке дейін;

кооперативтерді дамыту үшін – 8 000 (сегіз мың) айлық есептік көрсеткішке дейін.

Бұрын алынған микрокредит бойынша міндеттемелерді толық орындаған үміткерлерді қайта кредиттеу кезінде микрокредиттің ең жоғары сомасының мөлшері 8 000 (сегіз мың) айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғаяды, бірақ екі реттен аспайды. Бұл ретте микрокредиттер бағдарлама үміткерлерінің қайтарылған қаражаты есебінен, бірақ микрокредиттің ең ұзақ мерзімінің 1/2 (екіден бір бөлігі) бөлігінен кешіктірілмей беріледі;

3) номиналды сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 2,5 (екі бүтін оннан бес) пайыздан аспайды;

4) кепілдік қамтамасыз етудің болуы;

5) негізгі борышты өтеу бойынша жеңілдікті кезең микрокредит беру мерзімі ұзақтығының 12 (он екі) айынан аспайды;

6) микрокредит беруге өтінімдер ауылдық округтердің басым бағыттарына сәйкес жиынтық ақпарат негізінде қаралады.

10. Ауылдық елді мекендерде және шағын қалаларда микрокредит алу үшін жобаларды іріктеудің негізгі өлшемшарттары:

1) жобаның скринингке сәйкес басым бағыттарға сәйкестігі;

2) жұмыс орындарын құру;

3) жаңа, бұрын пайдаланылмаған техниканы, жабдықты сатып алу болып табылады.

11. Микрокредиттер мынадай мақсаттарға берілмейді:

1) жеңіл автокөлік сатып алу;

2) жақын туыстарынан ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алу;

3) туристік-рекреациялық аймақтарда орналасқан және туристер мен демалушылардың уақытша тұруына арналған объектілерді қоспағанда, кейіннен жалға беру мақсатында тұрғын үй мақсатындағы ғимараттарды, үй-жайларды, объектілерді сатып алу және/немесе салу;

4) көтерме және бөлшек саудаға.

12. Лизинг осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген үміткерлерге мынадай жағдайларда және шарттармен беріледі:

1) техника мен жабдықтардың лизингі мерзімі – 7 (жеті) жылға дейін;

2) лизинг нысанасының (техника мен жабдықтың) ең жоғары құны:

кооперативтер үшін 8 000 (сегіз мың) айлық есептік көрсеткішке дейін;

кооператив мүшелері үшін 2 500 (екі мың бес жүз) айлық есептік көрсеткішке дейін (лизинг нысанасы тиісті кооператив қызметі шеңберінде пайдаланылады);

3) сыйақының номиналды мөлшерлемесі – жылдық 2,5 (екі бүтін оннан бес) пайыздан аспайды;

4) негізгі борышты өтеу бойынша жеңілдікті кезең – техника мен жабдықтың лизингінің мерзімі ұзақтығының 1/3 (үштен бір) бөлігінен аспайды;

5) техниканы және (немесе) жабдықты лизингке сатып алғаны үшін бастапқы жарна лизинг нысанасы құнының 20 (жиырма) пайызы мөлшерінде белгіленеді.

Жаңа, бұрын пайдаланылмаған техника мен жабдық лизингке жатады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сатып алу-сату шарты негізінде кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын өнім берушілерден лизингке берілетін техника мен жабдықты сатып алуды сенім білдірілген өкіл (агент) жүзеге асырады.

13. Жеңіл автокөлік сатып алуға лизинг берілмейді.

14. Қаржыландыру болмаған жағдайда сенім білдірілген агент бұрын берілген микрокредиттер және (немесе) лизингтер бойынша үміткерлер қайтарған қаражатты қоспағанда, үміткерлерден өтінімдерді қабылдауды және қарауды тоқтата тұрады.

15. Үміткер микрокредит және/немесе лизинг алған кезде шарттың қолданылу мерзімі ішінде дара кәсіпкер мәртебесін сақтау міндеттемелерін өзіне қабылдайды.

16. Жобаларды іске асыру кезінде үміткерлердің барлық мәселелері мен келіспеушіліктері сенім білдірілген агент пен үміткер арасындағы келіссөздер арқылы шешіледі.

17. Даулар мен келіспеушіліктер сенім білдірілген агент пен үміткер арасындағы келіссөздер арқылы реттелмеген жағдайда, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешілуге жатады.

### **3-тарау. Микрокредит беруді, лизингті қаржыландыру және бөлінген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын мониторингтеу**

18. Бюджеттік кредит мынадай шарттармен беріледі:

1) жылдық сыйақы мөлшерлемесі 1 (бір) пайызбен қайтарымдылық, қамтамасыз етілу, мерзімділік және ақылылық қағидаттары бойынша 10 (он) жылға;

2) бюджеттік кредиттің нысаналы мақсаты:

ауылдық елді мекендерде және шағын қалаларда жобаларды іске асыру үшін үміткерлерге микрокредит беру;

ауыл шаруашылығы техникасын және жабдығын сатып алу үшін лизинг;

3) негізгі борышты өтеу бойынша жеңілдік кезеңінің мерзімі 28 (жиырма сегіз) айдан аспайды;

4) бюджеттік кредитті игеру кезеңі 12 (он екі) айды құрайды және жергілікті атқарушы органға бюджеттік кредит аударылған сәттен бастап есептеледі.

Осы ережелерді іске асыру мақсатында бюджеттік бағдарламаның әкімшісі тиісті бюджет бекітілгеннен кейін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орталық органға кейіннен бекіту үшін бюджеттік кредит берудің негізгі талаптарын жолдайды.

19. Жергілікті атқарушы орган Қазақстан Республикасының бюджет және азаматтық заңнамасына сәйкес сенім білдірілген өкілге (агентке) тапсырма шарты бойынша бюджеттік кредит қаражатын береді.

Бюджеттік кредит қаражаты сенім білдірілген өкілге (агентке) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған қаржылық және (немесе) қаржылық емес оператордың қолма қол алатын шотына аударылады.

Сенім білдірілген өкіл (агент) үміткерлердің микрокредит бойынша шарттың міндеттемелерін бұзуы себебінен алынатын комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге де төлемдерді қоспағанда, үміткерлердің микрокредитіне байланысты комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге де төлемдерді алмайды, бұл ретте мұндай комиссиялардың, алымдардың және/немесе өзге де төлемдердің мөлшері жергілікті атқарушы органмен алдын ала жазбаша келісіледі.

Сенім білдірілген өкілге (агентке) тапсырма шартын орындағаны үшін сыйақы төлеуді жергілікті атқарушы орган жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырады.

Сенім білдірілген өкілдің (агенттің) тапсырмаларды орындағаны үшін сыйақы төлеу мөлшерін жергілікті атқарушы орган айқындайды және тапсырма шартында белгіленеді.

20. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларының пайдаланылуы мен оларды алушыларды мониторингтеуді тіркеуші жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың екі деңгейлі жүйесі шеңберінде жүзеге асырады, ол мынаны қамтиды:

1) бірінші деңгей – жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын алушылар өтінімдерінің эталондық электрондық тізілімін қамтитын, екінші деңгейдегі жүйелермен интеграцияланған тіркеу жүйесі, онда түпкілікті форматтан кейінгі логикалық бақылау арқылы жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шарасын алушының жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларының пайдаланылуы мен оларды алушыларға мониторинг жүргізу қағидалары шеңберінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын базалық талаптарға сәйкестігі айқындалады;

2) екінші деңгей – жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын алушылардан өтінімдерді қабылдау, оларды форматтық-логикалық бақылауды қолдана отырып өңдеу және өңделген өтінімдерді бірінші деңгейге беру жүзеге асырылатын салалық мемлекеттік немесе мемлекеттік емес цифрлық жүйелер.

Екінші деңгейдегі цифрлық жүйелер жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын алушылардан заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ тіркеушінің дербес деректерді жинауына, өңдеуіне, сақтауына, жүктеп алуына және пайдалануына келісімін алуды қамтамасыз етеді.

21. Сенім білдірілген өкіл (агент) бұрын берілген микрокредиттер/лизингтер бойынша үміткерлер қайтарған қаражат есебінен осы Қағидалардың 9 және 12-тармақтарына сәйкес шарттарда сенім білдірілген өкіл (агент) мен жергілікті атқарушы орган арасында жасалған тапсырма шартының қолданылу мерзімінен аспайтын мерзімге үміткерлерге қайта микрокредит беруді және коопертивтерге лизинг беруді жүзеге асырады.

22. Жергілікті атқарушы орган сенім білдірілген өкіл (агент) арқылы МҚШ цифрлық жүйесін пайдалана отырып, микрокредит қаражатының және лизинг нысанасының мақсатына сай пайдаланылуын мониторингтеуді жүзеге асырады.

23. Сенім білдірілген өкіл (агент) тоқсан сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-іне дейінгі мерзімде жергілікті атқарушы органға осы Қағидаларға 6, 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес есептерді ұсынады.

Жергілікті атқарушы орган тоқсан сайын, есепті айдан кейінгі айдың 10-ына дейінгі мерзімде өңірлік даму саласындағы уәкілетті органға осы Қағидаларға 6, 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес есептерді ұсынады.

Ауылдық елді мекендер мен  
шағын қалаларда микрокредит  
беру және лизинг қағидаларына  
1-қосымша

### **Микрокредит беру мен лизингтің басым бағыттары туралы жиынтық ақпарат бойынша нысан**

P/c №	Жобаны іске асыру орны			Скрининг нәтижелері бойынша басым бағыт	Негіздеме (қысқаша)	Ескертпе
	ауылдық округтің атауы	елді мекеннің (ауылдың) атауы	шағын қаланың атауы			
1	2	3	4	5	6	7

Ауылдық елді мекендер мен  
шағын қалаларда микрокредит  
беру және лизинг қағидаларына  
2-қосымша

### **Микрокредит алуға арналған құжаттар тізбесі**

P/c №	Құжаттың атауы	Құжат/мәліметтер түрі	Ескертпе
1.	Сенім білдірілген өкілдің (агенттің) ішкі құжаттарына сәйкес микрокредит алуға арналған сауалнама-өтінімі	түпнұсқа/электрондық құжат	
2.	Өтініш берушінің/жұбайының жеке куәлігі, өтініш берушінің неке туралы куәлігі	құжаттың көшірмесі/электрондық көшірмесі/ мемлекеттік дерекқордан алынған электрондық форматтағы мәліметтер	
3.	Дербес деректерді жинауға, өңдеуге, сақтауға және таратуға және ол туралы ақпаратты кредиттік бюроға беруге, сондай-ақ Қарыз алушының/Кепіл берушінің (болған		

	жағдайда) кредиттік есебін алушыға кредиттік есепті беруге келісу	түпнұсқа/электрондық құжат	
4.	Шоттың болуы және оның ішінде қаржы ұйымдарынан мерзімі өткен несиелік қарыздың болуы туралы (кредиттер болған кезде) қызмет көрсететін банктен анықтамалар	түпнұсқа (микрокредит мақұлданғаннан кейін беріледі) электрондық құжат түпнұсқа (берілген күннен бастап күнтізбелік 30 күнге дейінгі мерзімде уәкілетті адам түпнұсқамен салыстырып тексерген көшірмеге жол беріледі)/кредиттік бюродан электрондық форматтағы мәліметтер	
5.	Кепілмен қамтамасыз етудің құқық белгілейтін құжаттары (сатып алу-сату шарты/сыйға тарту шарты/жекешелендіру шарты/жария ету шарты/Заң бойынша немесе өсиет бойынша мұрагерлік құқығы туралы куәлік/қайта жоспарлауды пайдалануға беру актілері /өтеусіз беру шарты/ айырбас шарты, техникалық паспорт, жер учаскесіне акт.	мемлекеттік деректер базасынан көшірме/электрондық мәліметтер	
6.	Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар ( ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама (2-нысан)		
7.	Бағалау туралы есеп	түпнұсқа/электрондық құжат	
8.	Кепіл берушілердің Қазақстан Республикасының заңнамасына және сенім білдірілген өкілдің ( агенттің) ішкі құжаттарына сәйкес ресімделген мүлікті кепілге беру жөніндегі келісімі	түпнұсқа	

Ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда микрокредит

### Лизинг алуға арналған құжаттар тізбесі

Р/с №	Құжаттың атауы	Құжат/мәліметтер түрі	Ескертпе
1.	Сенім білдірілген өкілдің (агенттің) ішкі құжаттарына сәйкес лизинг алуға арналған сауалнама-өтінімі	түпнұсқа/электрондық құжат	
2.	Қарыз алушының/Кепіл берушінің жеке басын куәландыратын құжаты	құжаттың көшірмесі/электрондық көшірмесі/ мемлекеттік дерекқордан алынған электрондық форматтағы мәліметтер	
3.	Кредиттік тарих субъектісінің ол туралы ақпаратты кредиттік бюроға беруге, сондай-ақ Қарыз алушының/Кепіл берушінің кредиттік есебін алушыға кредиттік есепті беруге келісімі	түпнұсқа/электрондық құжат	
4	Қарыз алушының/Кепіл берушінің дербес деректерін жинауға, өңдеуге, сақтауға және таратуға келісімі	түпнұсқа/электрондық құжат	
5	Жабдықтаушының техника мен жабдыққа құқық белгілейтін құжаттары (келісу бойынша)	түпнұсқа/электрондық құжат	

Ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда микрокредит беру және лизинг қағидаларына  
4-қосымша

### Кооперативтердің микрокредит алуына арналған құжаттар тізбесі

Р/с №	Құжаттың атауы	Құжат/мәліметтер түрі	Ескертпе
1.	Қатысушылардың жалпы жиналысының хаттамасы	түпнұсқа/электрондық құжат	
2.	Кооператив жарғысы	түпнұсқа/электрондық құжат	
3.	Құрылтай шарты	түпнұсқа/электрондық құжат	

4	Кооператив мүшелерінің дербес деректерін жинауға, өңдеуге, сақтауға және таратуға келісім беру	түпнұсқа/электрондық құжат	
6	Берешектің жоқтығы туралы анықтама	түпнұсқа/электрондық құжат	
7	Шоттың бар екендігі туралы анықтама	түпнұсқа/электрондық құжат	

Ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда микрокредит беру және лизинг қағидаларына  
5-қосымша

### Кепілмен қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

жеке және заңды тұлғаларға меншік құқығында немесе жалға алу құқығында тиесілі жылжымайтын мүлік (пайдалану құқығы) (қысқа мерзімді уақытша өтеулі және уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығын кепілге салуға жол берілмейді);

нақты нарықтық құны бар жылжымайтын мүлік;

үшінші тұлғалардың құқықтары мен талаптарының ауыртпалықтарынан бос жылжымайтын мүлік;

жылжымалы мүлік (көлік құралдары, ауыл шаруашылығы техникасы, жол-құрылыс және өзге де арнайы техника мен жабдықтар);

Кепілдік беру қорлары шеңберінде кепілдіктер беру қағидаларында көрсетілген шарттарда жеке кәсіпкерлік субъектілеріне кепілдік берудің арнайы қорының кепілдігі.

Қамтамасыз ету бойынша нарықтық (бағалау) құнын айқындау тәуелсіз бағалаушыны тарта отырып жүзеге асырылады.

Өтімділік коэффициентінің мөлшері мынадай тәртіппен белгіленеді:

Кепіл заты	Өтімділік коэффициентінің ең жоғары мәні
Мыналарда орналасқан тұрғын үйлер (жеке үйлер, пәтерлер):	
Астана, Алматы және Шымкент қалалары	0,8 артық емес
облыс орталықтарында	0,7 артық емес
өзге де елді мекендерде	0,7 артық емес
Мыналарда орналасқан тұрғын ғимараттарға арналған жер учаскелері:	
Астана, Алматы және Шымкент қалалары	0,8 артық емес
облыс орталықтарында	0,6 артық емес
өзге де елді мекендерде	0,5 артық емес
Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері (жеке меншік құқығымен)	0,7 артық емес
Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері (ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығымен 10 жылдан	0,5 артық емес

астам, оның ішінде жалға алу құқығымен, жалға алудың соңғы мерзімі қарыз мерзімінен 2 жылға және одан да көп асып кеткен жағдайда)	
Мыналарда орналасқан тұрғын емес ғимараттар, объектілер мен құрылыстар:	
Астана, Алматы және Шымкент қалалары	0,7 артық емес
облыс орталықтарында	0,7 артық емес
өзге де елді мекендерде	0,6 артық емес
Мыналарда орналасқан тұрғын емес объектілерге арналған жер учаскелері:	
Астана, Алматы және Шымкент қалалары	0,8 артық емес
облыс орталықтарында	0,7 артық емес
өзге де елді мекендерде	0,6 артық емес
Техника, жабдық, көлік	0,5 артық емес
Қаржылық активтер	1 артық емес
Автокөлік құралдарының санаты	
Жүк көлігі – құрастырған ТМД елдері (5 жыл); Қытай, Корея, АҚШ, Канада, Еуропа, Жапония (10 жыл).	
Автобустар – (жолаушылар орны 15-тен астам) – құрастырған ТМД елдері (5 жыл); Қытай, Корея, АҚШ, Канада, Еуропа, Жапония (10 жыл).	
Жеңіл көлік – құрастырған ТМД елдері (5 жыл); Қытай, Корея, АҚШ, Канада, Еуропа, Жапония (10 жыл).	
Шағын автобустар – құрастырған ТМД елдері (5 жыл); Қытай, Корея, АҚШ, Канада, Еуропа, Жапония (10 жыл)	
Ауыл шаруашылығы техникасы және шөп жинайтын комбайндар мен шөп жинайтын техникалар, тұқым сепкіштер және т.б. техника құрастырған ТМД елдері – 15 жыл, Қытай, Корея, АҚШ, Канада, Еуропа, Жапония (20 жыл)	
Жол техникасы және өзге де арнайы техника – 20 жыл	

Ауылдық елді мекендер мен  
шағын қалаларда микрокредит  
беру және лизинг қағидаларына  
6-қосымша  
Әкімшілік деректерді жинауға  
арналған нысан

Ұсынылады: облыстың ауыл шаруашылығы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органына және өңірлік даму саласындағы уәкілетті органға.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан [www.gov.kz](http://www.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған.

Әкімшілік нысанның атауы: "Микрокредиттерді нысаналы пайдалану туралы есеп".

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 1-МКНПЕ.

Кезеңділігі: тоқсан сайын.

Есепті кезең: 20 \_\_ жылғы \_\_\_\_\_ айы.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: сенім білдірілген өкіл (агент), облыстың ауыл шаруашылығы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органы.



Орындаушы \_\_\_\_\_ қолтаңбасы \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

\_\_\_\_\_ қолтаңбасы \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөрдiң орны (болған жағдайда)

(жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын адамдарды қоспағанда)

"Микрокредиттерді нысаналы пайдалану туралы есеп"  
пайдалану туралы есеп"  
әкімшілік деректерді жинауға  
арналған нысанына қосымша

## **"Микрокредиттерді нысаналы пайдалану туралы есеп" өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме (1-МКНПЕ, тоқсан сайын)**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Микрокредиттерді нысаналы пайдалану туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы адам тегі мен аты-жөнін көрсете отырып қол қояды.

3. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

### **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

4. Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.

5. Нысанның 2-бағанында қарыз алушының атауы көрсетіледі.

6. Нысанның 3-бағанында қарыз алушының жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

7. Нысанның 4, 6, 8 және 10-бағандарында жобаны іске асыру орны (облыс, аудан, ауылдық округ, ауыл) көрсетіледі.

8. Нысанның 5, 7, 9 және 11-бағандарында әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуші бойынша код, мекенжайдың (облыс, аудан, ауылдық округ, ауыл) тіркеу коды көрсетіледі.

9. Нысанның 12-бағанында жобаның бағыты көрсетіледі.

10. Нысанның 13-бағанында қарыз алушының санаты көрсетіледі.

11. Нысанның 14-бағанында өндірілетін өнім/көрсетілетін қызмет көрсетіледі.

12. Нысанның 15-бағанында микрокредит берілген күні көрсетіледі.

13. Нысанның 16-бағанында микрокредиттің мерзімі көрсетіледі.

14. Нысанның 17-бағанында микрокредит сомасы (теңге) көрсетіледі.

15. Нысанның 18-бағанында сыйақы мөлшерлемесі көрсетіледі.

16. Нысанның 19-бағанында экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша коды көрсетілген экономика саласы көрсетіледі.

17. Нысанның 20-бағанында дара кәсіпкерлердің саны көрсетіледі.

18. Нысанның 21-бағанында кооперативке қатысушының мәртебесі көрсетіледі.

19. Нысанның 22-бағанында қатысушы болып табылатын кооперативтің бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

20. Нысанның 23-бағанында құрылған жұмыс орындарының саны көрсетіледі.

Ауылдық елді мекендер мен  
шағын қалаларда микрокредит  
беру және лизинг қағидаларына  
7-қосымша  
Әкімшілік деректерді жинауға  
арналған нысан

Ұсынылады: облыстың ауыл шаруашылығы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органына және өңірлік даму саласындағы уәкілетті органға.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан [www.gov.kz](http://www.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған.

Әкімшілік нысанының индексі: "Кооперативтердің микрокредиттерді нысаналы пайдалануы туралы есеп".

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 1-КМКНПЕ.

Кезеңділігі: тоқсан сайын.

Есепті кезең: 20 \_\_ жылғы \_\_\_\_\_ айы.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: сенім білдірілген өкіл (агент), облыстың ауыл шаруашылығы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органы.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:

сенім білдірілген өкіл (агент) облыстың ауыл шаруашылығы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органына тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-іне дейінгі мерзімде;

облыстың ауыл шаруашылығы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органы өңірлік даму саласындағы уәкілетті органға тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейінгі мерзімде.

Жеке сәйкестендіру нөмірі/Бизнес сәйкестендіру нөмірі

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі – электрондық түрде.

## Кооперативтердің микрокредиттерді нысаналы пайдалануы туралы есеп

P/c №	Жобаны іске асыру орны								қарыз алушының атауы	бизнес сәйкестендіру нөмірі	экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрі
	облыс	әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуіші бойынша коды	аудан	мекенжайдың тіркеу коды	ауылдық округ	мекенжайдың тіркеу коды	ауыл	мекенжайдың тіркеу коды			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

### кестенің жалғасы

микрокредит сомасы, теңге	микрокредит мерзімі	микрокредиттің нысаналы бағыты	кооператив қатысушысының мәртебесі	өндірілетін өнім / көрсетілетін қызмет	құрылған жұмыс орындарының саны, бірлік	кооператив мүшелерінің саны, бірлік
13	14	15	16	17	18	19

Телефондар \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_ қолтаңбасы \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

\_\_\_\_\_ қолтаңбасы \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөрдің орны (болған жағдайда)

(жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын адамдарды қоспағанда)

"Кооперативтердің  
микрокредиттерді нысаналы  
пайдалануы туралы есеп"  
әкімшілік деректерді жинауға  
арналған нысанына қосымша

**"Кооперативтердің микрокредиттерді нысаналы пайдалануы туралы есеп" өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме (1-КМКНПЕ, тоқсан сайын)**

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Кооперативтердің микрокредиттерді нысаналы пайдалануы туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы адам тегі мен аты-жөнін көрсете отырып қол қояды.

3. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

## **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

4. Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.

5. Нысанның 2, 4, 6 және 8-бағандарында жобаны іске асыру орны (облыс, аудан, ауылдық округ, ауыл) көрсетіледі.

6. Нысанның 3, 5, 7 және 9-бағандарында әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеушісі бойынша код, мекенжайдың (облыс, аудан, ауылдық округ, ауыл) тіркеу коды көрсетіледі.

7. Нысанның 10-бағанында қарыз алушының атауы көрсетіледі.

8. Нысанның 11-бағанында бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

9. Нысанның 12-бағанында экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеушісі (ЭҚЖЖ) бойынша қызмет түрі көрсетіледі.

10. Нысанның 13-бағанында микрокредит сомасы көрсетіледі.

11. Нысанның 14-бағанында микрокредиттің мерзімі көрсетіледі.

12. Нысанның 15-бағанында микрокредиттің нысаналы бағыты көрсетіледі.

13. Нысанның 16-бағанында кооперативке қатысушының мәртебесі көрсетіледі.

14. Нысанның 17-бағанында өндірілетін өнім/көрсетілетін қызмет көрсетіледі.

15. Нысанның 18-бағанында құрылған жұмыс орындарының саны көрсетіледі.

16. Нысанның 19-бағанында кооператив мүшелерінің саны көрсетіледі.

Ауылдық елді мекендер мен  
шағын қалаларда микрокредит  
беру және лизинг қағидаларына  
8-қосымша  
Әкімшілік деректерді жинауға  
арналған нысан

Ұсынылады: облыстың ауыл шаруашылығы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органына және өңірлік даму саласындағы уәкілетті органға.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан [www.gov.kz](http://www.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған.

Әкімшілік деректер нысанының индексі: "Кооперативтердің лизингті нысаналы пайдалануы туралы есеп".

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 1-КЛНПЕ.

Кезеңділігі: тоқсан сайын.

Есепті кезең: 20 \_\_ жылғы \_\_\_\_\_ айы.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: сенім білдірілген өкіл (агент), облыстың ауыл шаруашылығы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органы.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:

сенім білдірілген өкіл (агент) облыстың ауыл шаруашылығы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органына тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-іне дейінгі мерзімде;

облыстың ауыл шаруашылығы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органы өңірлік даму саласындағы уәкілетті органға тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейінгі мерзімде.

Жеке сәйкестендіру нөмірі/Бизнес сәйкестендіру нөмірі

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі – электрондық түрде.

### Кооперативтердің лизингті нысаналы пайдалануы туралы есеп

P/c №	Қарыз алушының атауы	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Кооперативтің тіркелу орны							
			облыс	әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуші бойынша код	аудан	мекенжайдың тіркеу коды	ауылдық округ	мекенжайдың тіркеу коды	ауыл	мекенжайдың тіркеу коды
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

#### кестенің жалғасы

лизинг сомасы, теңге	лизинг мерзімі	Лизинг нысанасы			Құрылған жұмыс орындарының саны, бірлік	Кооператив мүшелерінің саны, бірлік
		Атауы	Моделі	Техникалық паспорттың атауы		
12	13	14	15	16	17	18

Телефондар \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_ қолтаңбасы \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

\_\_\_\_\_ қолтаңбасы \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөрдiң орны (болған жағдайда)

(жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын адамдарды қоспағанда)

"Кооперативтердің лизингті  
нысаналы пайдалануы туралы  
есеп" әкімшілік деректерді  
жинауға арналған нысанына  
қосымша

**"Кооперативтердің лизингті нысаналы пайдалануы туралы есеп" өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме (1-КЛНПЕ, тоқсан сайын)**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Кооперативтердің лизингті нысаналы пайдалануы туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы адам тегі мен аты-жөнін көрсете отырып қол қояды.

3. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

4. Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.

5. Нысанның 2-бағанында қарыз алушының атауы көрсетіледі.

6. Нысанның 3-бағанында жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

7. Нысанның 4, 6, 8 және 10-бағандарында кооперативтің тіркелу орны (облыс, аудан, ауылдық округ, ауыл) көрсетіледі.

8. Нысанның 5, 7, 9 және 11-бағандарында әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеушісі бойынша коды, мекенжайдың (облыс, аудан, ауылдық округ, ауыл) тіркеу коды көрсетіледі.

9. Нысанның 12-бағанында лизинг сомасы көрсетіледі.

10. Нысанның 13-бағанында лизинг мерзімі көрсетіледі.

11. Нысанның 14, 15 және 16-бағанында лизинг нысанасы (атауы, моделі, техникалық паспорттың атауы) көрсетіледі.

12. Нысанның 17-бағанында құрылған жұмыс орындарының саны көрсетіледі.

13. Нысанның 18-бағанында кооператив мүшелерінің саны көрсетіледі.

Ауылдық елді мекендер мен  
шағын қалаларда микрокредит  
беру және лизинг қағидаларына  
9-қосымша



1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----

**кестенің жалғасы**

Жеңілдікті кредит беру бойынша мерзімі өткен берешектің болуы (иә/жоқ)	экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша кооператив қызметінің түрі	Міндетті зейнетақы жарналары базасындағы жұмыс орындары	Қайта өңдеудің болуы (иә / жоқ)	Өнімнің атауы	Өлшем бірлігі	Өндірілетін өнім көлемі	Сату бағасы, өлшем бірлігі үшін теңге
11	12	13	14	15	16	17	18

**кестенің жалғасы**

Кіріс, 17* 18, теңге	Өнімді өткізу	Салықтарды төлеу, теңге					Сертифика ттау (иә / жоқ)	Ескертпе
		Корпорати втік табыс салығы	Әлеуметті к салық	Мүлік салығы	Көлік салығы	Қосылған қ ұ н салығы		
19	20	21	22	23	24	25	26	27

Телефондар \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_ қолтаңбасы \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

\_\_\_\_\_ қолтаңбасы \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөрдің орны (болған жағдайда)

(жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын адамдарды қоспағанда)

"Кооперативтерді  
мониторингтеу туралы есеп"  
әкімшілік деректерді жинауға  
арналған нысанына қосымша

**"Кооперативтерді мониторингтеу туралы есеп" өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме (1-КМЕ, тоқсан сайын)**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Кооперативтерді мониторингтеу туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанға тегі мен аты-жөнін көрсете отырып, басшы немесе оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

3. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

## 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.
5. Нысанның 2-бағанында кооператив тіркелген облыс көрсетіледі.
6. Нысанның 3-бағанында кооператив тіркелген аудан көрсетіледі.
7. Нысанның 4-бағанында кооператив тіркелген ауылдық округ көрсетіледі.
8. Нысанның 5-бағанында кооператив атауы көрсетіледі.
9. Нысанның 6-бағанында кооперативтің бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.
10. Нысанның 7-бағанында кооперативке қатысушылардың саны көрсетіледі.
11. Нысанның 8-бағанында "Ауыл Аманаты" бағдарламасы бойынша кредиттелген кооператив қатысушыларының саны көрсетіледі.
12. Нысанның 9-бағанында кооперативтің тіркелген күні көрсетіледі.
13. Нысанның 10-бағанында мониторинг жүргізу күні көрсетіледі.
14. Нысанның 11-бағанында жеңілдікті кредит беру бойынша мерзімі өткен берешектің болуы (иә/жоқ) көрсетіледі.
15. Нысанның 12-бағанында экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша кооператив қызметінің түрі көрсетіледі.
16. Нысанның 13-бағанында міндетті зейнетақы жарналары базасында құрылған жұмыс орындары көрсетіледі.
17. Нысанның 14-бағанында кооперативте қайта өңдеудің болуы (иә/жоқ) көрсетіледі.
18. Нысанның 15-бағанында кооператив өндіретін өнімнің атауы көрсетіледі.
19. Нысанның 16-бағанында кооператив өндіретін өнімнің өлшем бірлігі көрсетіледі.
20. Нысанның 17-бағанында кооператив өндіретін өнімнің көлемі көрсетіледі.
21. Нысанның 18-бағанында кооперативтің өндіретін өлшем бірлігі үшін өнімнің бағасы көрсетіледі.
22. Нысанның 19-бағанында  $\text{Кіріс} = \text{Көлем} * \text{Баға}$  формуласы бойынша есептелетін кооперативтің кірісі көрсетіледі:
23. Нысанның 20-бағанында кооперативтің өнімін өткізу қайда жүргізілетіні көрсетіледі.
24. Нысанның 21, 22, 23, 24 және 25-бағандарында салық төлемі (корпоративтік табыс салығы, әлеуметтік салық, мүлік салығы, көлік салығы және қосылған құн салығы) көрсетіледі.
25. Нысанның 26-бағанында кооперативтің өніміне сертификаттаудың болуы (иә/жоқ) көрсетіледі.
26. Нысанның 27-бағанында ескертпелер көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК